

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Кіші топқа арналған кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет

ЖАРИЯЛАНДЫ  
01.11.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/183623/>**Сагинова Нуршат***“Ақбота” бөбекжай балалар бақшасы**Тәрбиеші*

Білім беру салалары:

Таным, Тіл дамыту, Шығармашылық

Тақырыбы: «Ақылды робот қонақта»

Топ: Кіші топ (3–4 жас)

Мақсаты:

- Балаларды «жасанды интеллект» ұғымымен ойын түрінде таныстыру;
- Техника мен роботтардың адамға көмектесетінін түсіндіру;
- Сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдыларын дамыту;
- Қимыл-қозғалыс пен ұжымдық жұмысқа баулу.

**КӨРНЕКІЛІКТЕР:**

Ойыншық робот, интерактивті экран (немесе суреттер), түрлі түсті карточкалар, «смартфон» макеті, музыкалық сүйемелдеу.

**ІС-ӘРЕКЕТ БАРЫСЫ:****I. Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар шаттық шеңберіне жиналады.

Тәрбиеші:

– Қайырлы таң, балалар!

– Бүгін бізге ерекше қонақ келеді — ақылды робот!

Сергіту сәті: «Робот сияқты қимыл жасайық» (балалар қимылмен роботтың қозғалысын салады).

## II. Негізгі бөлім

### 1. Танымдық бөлім (Таным саласы)

Тәрбиеші роботты көрсетеді:

- Балалар, бұл кім деп ойлайсыңдар?
- Робот не істей алады?

Балалар: жүреді, сөйлейді, көмектеседі, музыка ойнайды.

Тәрбиеші түсіндіреді:

- Робот — адамның көмегімен жасалған ақылды машина.
- Оны «жасанды интеллект» басқарады. Ол біз сияқты ойлана алмайды, бірақ үйретсең, істей алады.

### 2. Тіл дамыту бөлімі (Қатынас саласы)

Ойын: «Робот не істейді?»

Тәрбиеші айтады, балалар әрекет жасайды:

- Робот жүр! (жүреді)
- Робот отыр! (отырады)
- Робот биле! (билейді)
- Робот ұйықта! (көзін жабады)

Бұл ойын балалардың тілін, есте сақтауын және тыңдау қабілетін дамытады.

### 3. Шығармашылық бөлім (Шығармашылық саласы)

Жапсыру немесе сурет салу: Балалар түрлі түсті қағаздан «өз роботын» жасайды (квадрат, дөңгелек, тіктөртбұрыш пішіндерінен).

Тәрбиеші бағыт береді:

- Мынау – басы, мынау – денесі, мынау – қолы мен аяғы.

Дайын болған соң, балалар өз «роботына» ат қояды (мысалы: Ботик, Айкуша, Смарт т.б.).

## III. Қимылды ойын (Дене саласы)

Ойын: «Робот және адамдар»

- Музыка ойнағанда балалар робот болып жүреді (қатқыл, баяу қозғалыс).
- Музыка тоқтағанда — «адамға айналып», секіреді, билейді.

#### IV. Қорытынды бөлім

Сұрақ-жауап:

- Бүгін біз кіммен таныстық?
- Робот не істей алады?
- Кім ақылды — адам ба, робот па?

Балалар: Адам!

Қорытынды: Балалар жасанды интеллект ұғымымен танысты, техникалық дүниеге қызығушылығы артты, сөйлеу және ойлау қабілеттері дамыды.

Мадақтау:

- Бүгін бәрің ақылды балалар болдыңдар! Роботтар да сендер сияқты үйренеді!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.